

**Пәннің аты:БАҚ-дағы халықаралық ақпараттың берілу ерекшелігі. 3-курс.  
Лектор: аға оқытушы Шаймаран Мұрат**

**№6 дәріс**

## **«Әл-Жазира» телеарнасы**



1995 жылы Катардың басшысы болып, билікке мұрагерлік жолмен Хамад бен Тамер әл-Тани келеді. Ол өз елін барлық әлем елдерінің білгенін қалады. Сол кезде британдық «Би-Би-Си» телеарнасы өзінің араб тіліндегі жаңалықтар бөлімінің жабылатынын хабарлады. Сөйтіп, 1996 жылы Би-Би-Си телеарнасы араб тіліндегі арнасын жауып тастады. Шейх «BBC Arabic Service» телеарнасының тілшілерін тәуелсіз жаңа телеарна ашып, бірігіп жұмыс істеуге шақырды. Ол бұл жөнінде ақпарат министрлігіне хабарлады. Шейх жаңа телеарнаның атын «Әл-Жазира» («түбек», «арал») деп атады. Ал «Әл-Жазираның» президенті болып шейх Хамад бен Тамер әл-Танидің немере ағасы сайданды. Осылай, 1996 жылдың қараша айының 7 жүлдізында теелеарна алғаш эфирге шықты.

Ақпарат құралдарының хабарлауы бойынша, шейх бұл телеарнаға жылына 30 миллион доллар көлемінде қаржылай көмек көрсетеді және редакциялық тәуелсіздікті алып берген.

Осы телеарна әлемнің 31 мемлекетінде көрсетеді. Бұгінде телеарнаның көрермені 35 миллионға жетіп отыр. Арнадан әлем жаңалықтары, аналитикалық материалдар, ток-шоулар, деректі фильмдер көрсетіледі.

Бұл арнаның бағытының өзі қызық. «Қазақстанда террорлық әрекет болмайтындықтан, біз бұл елде белімшемізді ашпаймыз» деп мәлімдеген болатын. Алайда, 2006 жылы 25 ақпанында «Әл-Жазира» телеарнасы Алматы қаласында өзінің орталық Азиядағы тұнғыш бюросын ашты. Ал 2007 жылы Қазақстандағы күндері өткен.

«Әл-Жазираның» Мәскеудегі белімшесін Акрам Хузам басқарады.

Бұгінде телеарна ең жетік техника құралдарымен қоса, талантты журналистерге ие. Өзінің тың әрі сұранысқа ие материалдары мен хабарлары арқылы беделді «Би-Би-Си», «Си-Эн-Эн» телеарналарымен иық тірестіріп тұр.

«Әл-Жазира» телеарнасының бірнеше арналары бар. Олар төмендегідей:

- *Al Jazeera*-араб тіліндегі халықаралық жаңалықтарды тарататын арна
- *Al Jazeera Documentary Channel*- араб тіліндегі деректі фильмдерді көрсететін арна
- *Al Jazeera Sports*- араб тіліндегі спорттық арна
- *Al Jazeera Mobasher*- араб тіліндегі саяси арна
- *Al Jazeera Childrens Channel*- араб тіліндегі балаларға арналған арна
- *Al Jazeera English*- ағылшын тіліндегі ақпараттық арна
- *Baraem*-мектепке дейінгі балаларға арналған араб тілді арна

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Батырбекұлы Ж. Көп ел «Әл-Жазираның» өзінікі болғанын қалайды.Түркістан,2004 жыл 29 сәуір
2. Сәрсенова Ж. «Әл-Жазира » батыс тележүлдүздарын жүтүп жатыр. Айқын,2005 жыл 27 қазан
3. Айгүл Рамазан «Шетел журналистикасының тарихы» Алматы «Қазақ университеті»,2006
4. [www.google.ru](http://www.google.ru) сайты
5. [www.google.kz](http://www.google.kz) сайты